

"Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері үшін арнайы нысанды киім үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 146 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 24 мамырдағы № 172 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 мамырда № 28226 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де қызметкерлері үшін қоса беріліп отырған арнайы нысанды киім үлгілерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы №146 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 10542 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері үшін арнайы нысанды киім үлгілері осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Қаржы және мемлекеттік сатып алу департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Төтенше жағдайлар министрі
2022 жылғы 24 мамырдағы
№ 172 Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 146 бұйрығымен
бекітілген

Азаматтық қорғау органдарының және уәкілетті органның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың қызметкерлері мен өзге де жұмыскерлері үшін арнайы нысанды киім үлгілері

1 - тарау. Жоғары басшы құрамның арнайы нысанды киімі



1 - сурет

1. Жоғары басшы құрамның арнайы нысанды киімі (1 - сурет):

1) Жазғы:

қою көк түсті бейсболка немесе қара қызыл сары түсті берет;
сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;
түймелері бар қысқа жеңді жейде және қою көк түсті шалбар;
ақ түсті футболка немесе ақ пен қызыл сары түсті жолақтары бар тельняшка;
қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке;

2) қысқы:

сұр түсті табиғи қаракөлден тігілген құлақшын;
қою көк түсті маусымдық бейсболка;

күлапаранында алмалы-салмалы үлбір терісі және ішкі күртесі бар қою көк түсті жылы күрте және қою көк түсті жылы шалбар;

мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитер;
қара түсті қонышы ұзын жылы былғары қысқы бәтеңке;
қара түсті былғары қолғап;
қою көк түсті кашне.

Суық ауа райында жазғы арнайы нысанды киім және жылы ауа райында қысқы арнайы нысанды киім кезінде қою көк түсті ішкі күрте, кашне және қою көк түсті маусымдық бейсболка киюге рұқсат беріледі;

Ауа температурасы + 20°C жоғары кезінде жоғарғы жағына қысқа жеңді күрте ақ футболкамен және қою көк түсті бейсболкамен киіледі.

Жылы етікпен немесе туфлимен шалбарды сыртына шығарып, күрте мен свитер киюге болады.

2. Сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңір сыдырмасы сыдырма түймелікке, белдікке қосып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтасының тіктөртбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

3. Көйлектің және қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) орталық өңірлік сыдырмасы түймелікке түймеленетін қысқа жеңді жейде. Алдыңғы жағында түймемен түймеленетін пішінді қақпақшалы жапсырма кеуде қалтасы бар. Кеуде қалтасының қақпақшаларында алмалы – салмалы жапсырмасы бар. Арқалығы екі иінішімен. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Жеңінің төменгі жағы тұтас пішілген, бастырмалап, әрлеп тігілген тігісі бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

4. Кұлапаранында алмалы - салмалы үлбір терісі және қою көк түсті ішкі күртесі бар жылы күрте және қою көк түсті жылы шалбардың сипаттамасы (жоғары басшы құрамға және полковниктерге арналған):

1) сұлбасы тік ерлер күртесі, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар қалта, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ТЖМ) алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен күлапараны бар. Алмалы – салмалы күлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар. Күлапаранында алмалы – салмалы үлбір терісі бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, орталық өңір ілмек сыдырмасы қысқа. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

3) жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілімді таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

5. Мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитердің сипаттамасы: жартылай жүнді тоқыма свитер, қою көк түсті дөңгелек ойын мойындысы бар. Алдыңғы және артқы жағы тұтас. Алдыңғы сол жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Ендіре тігілген поғоны бар жеңі қондыра тігілген. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы белгілері бар. Иықтарында және шынтақтарында күшейткіш жапсырмалары бар. Мойындысы, манжеттері әдіптелген және белдігі екі иілімді.

6. Мойын ойындысы терең ойылған, қысқа жеңді, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген, ақ түсті футболканың сипаттамасы. Артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Негізгі матаның түсінде, мойындысы иілімді трикотаж жаймадан екі қабаттан әдіптеліп өңделген. Сол жағында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.

1) ақ пен қызыл сары түсті жолақтары бар тельняшка.

7. Бас киімдердің сипаттамасы:

1) сұр түсті табиғи қаракөлден тігілген құлақшын;

2) қою көк түсті мақта – матадан тігілген, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын бейсболка. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестеленген эмблемасы бар кокарда орналасады. Жоғары басшы құрам үшін қалқанша лавр бұтақтары түріндегі алтын түстес канитель жіппен кестеленген.

3) қою көк түсті күртенің матасынан тігілген, құлаққабы, астары бар, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын, маусымдық бейсболка. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестеленген эмблемасы бар кокарда орналасады. Жоғары басшы құрам үшін қалқанша лавр бұтақтары түріндегі алтын түстес канитель жіппен кестеленген.

4) қою қызыл сары түсті берет.

8. Аяқ киімнің сипаттамасы:

1) қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарақтан, жартылай ұлтарақтан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

2) қара түсті ұзын қонышты жылы былғары қыстық бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарақтан, жартылай ұлтарақтан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

9. Аксессуарлардың сипаттамасы:

1) 120 × 30 см мөлшердегі тікбұрыш түріндегі жартылай жүннен тоқылған қою көк түсті кашне. Кашненің ұшы шетінен жиектеп торланған тігіспен өңделеді;

2) бессаусақты жылы былғары қара түсті қолғап.

10. Айырым белгісінің сипаттамасы:

арнайы нысанды киімге арналған мақсаты бойынша;

бекіту әдісі бойынша- муфталарда алмалы – салмалы.

Погондардың өлшемдері:

муфталардағы алмалы - салмалы погондар - ұзындығы 11,0 - 13,0 см, төменгі жиегі бойынша ені 5,5 см, жоғарғы жиегі бойынша-5,0 см.

Арнайы нысанды киімге тағылатын погон кеуде төсемі:

мата түсіндегі қою көк түсті, алтын түстес ұлттық өрнекпен өрнектелген, жиегі қызыл қоңыр түсті.



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке

11. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жеңдегі белгілер дегеніміз стандартталған мата тігісті, өзара бейнесімен, мәтіндік жазбамен және түрлі түсті үйлесімімен ажыратылатын шеврондар. Сыртқы киімдердің сыртқы жағына тігіледі;

2) жең басталатын жердегі жоғарғы тігістен 12 см қашықтықта, әскери киімнің сол жақ жеңіне қалқан нысанында тігілетін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне тиесілілігін көрсететін шеврон. Шеврон көлемі ұзындығы – 90 мм, ені – 75 мм.

3) сол жеңнің сыртқы жағына тігілетін шеврон. Шевронның ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі. Орталық төсем алтын түстес бидай масағымен айшықталып сақиналанған. Шевронның ортасында көгілдір түсті доғал нысандағы жер шары орналасқан, параллель және меридиан екі шартты ақ түсті сызықпен белдеуленген, ортасында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түспен орындалады. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған шевронның төсемі қою көк түсті. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған шевронның төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



шеvron

4) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл қоңыр жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде қызметкердің құрылымдық және аумақтық органдарға тиесілілігіне қарай "ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ", "ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ КОМИТЕТІ", "НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТЖД" жазбасы болады. Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



жең белгісі



Өртке қарсы қызмет комитетінің қызметкерлер үшін жең белгісі



аумақтық бөлімшелердің қызметкерлеріне арналған жең белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, биіктігі 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңге, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

б) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер пішінде, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі бар. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "

АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

7) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы көрсетіледі. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.



тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

12. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары - алтындатылған мишурадан жасалған, матаның тонына жіппен көмкерілген;



Матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

2 - тарау. Аға және орта басшы құрамның арнайы нысанды киімі



2 - сурет

13. Аға және орта басшы құрамның арнайы нысанды киімі (2 - сурет):

1) жазғы:

қою көк түсті бейсболка немесе қара қызыл сары түсті берет;

сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

түймелері бар қысқа жеңді жейде және қою көк түсті шалбар;

ақ түсті футболка немесе ақ пен қызыл сары түсті жолақтары бар тельняшка;

қою көк түсті ұзын және қысқа жеңді футболка-поло (кезекші-диспетчерлік қызметтердің қызметкерлері үшін);

қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке;

2) қысқы:

қою көк түсті матадан тігілген жылы құлақшын (полковниктер үшін сұр түсті табиғи қаракөлден тігілген құлақшын);

қою көк түсті маусымдық бейсболка;

қою көк түсті жылы шалбарымен алмалы-салмалы күлапараны және ішкі күртесі бар жылы күрте (полковниктер үшін күлапаранында алмалы-салмалы үлбір терісі бар);

қою көк түсті мойын сызығы жоқ свитер;

қара түсті қонышы ұзын жылы қысқы былғары бәтеңке;

қара түсті былғары қолғап;

қою көк түсті кашне.

Суық ауа райында жазғы арнайы нысанды киім және жылы ауа райында қысқы арнайы нысанды киім кезінде қою көк түсті ішкі күртені қою көк түсті маусымдық бейсболкамен киюге рұқсат етіледі;

Ауа температурасы + 20°C жоғары кезінде жоғарғы жағына түймеленетін қысқа жең жейде ақ футболкамен және бейсболкамен киіледі.

Жылы етікпен немесе қонышсыз бәтеңкемен шалбарды сыртына шығарып, күрте мен свитер киюге болады.

Футболка - поло кезекші-диспетчерлік қызмет қызметкерлеріне кезекшілік кезеңінде кию құқығымен беріледі.

14. Сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңір сыдырмасы сыдырма түймелікке, белдікке қосып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтасының тікбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

15. Жейденің және қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) орталық өңірлік сыдырмасы түймелікке түймеленетін қысқа жеңді жейде. Алдыңғы жағында түймемен түймеленетін пішінді қақпақшалы жапсырма кеуде қалтасы бар. Кеуде қалтасының қақпақшаларында алмалы – салмалы жапсырмасы бар.

Арқалығы екі иінішімен. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, поғоны ендіре тігілген. Жеңінің төменгі жағы тұтас пішілген, бастырмалап, әрлеп тігілген тігісі бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

16. Полковниктерге арналған алмалы - салмалы үлбір терісі бар күлапараны және қою көк түсті ішкі күртесі бар жылы күрте және қою көк түсті жылы шалбардың сипаттамасы:

1) сұлбасы тік ерлер күртесі, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар қалта, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде ҚР ТЖМ-нің алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен күлапараны бар. Алмалы – салмалы күлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар. Күлапаранында алмалы – салмалы үлбір терісі бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, орталық өңір ілмек сыдырмасы қысқа. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

3) жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілмелі таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

17. Алмалы - салмалы күлапараны және қою көк түсті ішкі күртесі бар жылы күрте және қою көк түсті жылы шалбардың сипаттамасы:

1) сұлбасы тік ерлер күртесі, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар қалта, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде ҚР ТЖМ-нің алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен құлапараны бар. Алмалы – салмалы құлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, орталық өңір ілмек сыдырмасы қысқа. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

3) жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілімді таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

18. Мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитердің сипаттамасы: жартылай жүнді тоқыма свитер, қою көк түсті дөңгелек ойын мойындысы бар. Алдыңғы және артқы жағы тұтас. Алдыңғы сол жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Ендіре тігілген поғоны бар жеңі қондыра тігілген. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы белгілері бар. Иықтарында және шынтақтарында күшейткіш жапсырмалары бар. Мойындысы, манжеттері әдіптелген және белдігі екі иілімді.

19. Футболкалардың сипаттамасы:

1) мойын ойындысы терең ойылған, қысқа жеңді, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген, ақ және қою көк түсті футболка. Алдыңғы және артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Негізгі матаның түсінде, мойындысы иілімді трикотаж жаймадан екі қабаттан әдіптеліп өңделген. Сол жағында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.

2) қою көк түсті ұзын жеңді ерлерге арналған футболка – поло. Футболка – поло " пике" трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы жағында 3 түймелі және 3 ілмекті түймелік өңіржиегі бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Арқасы тұтас пішілген. Қондырылған ұзын жеңі және қондырылған манжеттері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Жағасы және жеңдеріндегі манжеттері трикотаж жаймадан, қызыл қоңыр түсті екі жолағы бар қою көк түсті ләстік ілмекөрім.

3) ерлерге арналған "пике" трикотаж жаймадан қою көк түсті қысқа жеңді футболка – поло. Футболка – поло "пике" трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы жағында 3 түймелі және 3 ілмекті түймелік өңіржиегі бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Қондырылған қысқа жеңі және қондырылған манжеттері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Жағасы және жеңдеріндегі манжеттері трикотаж жаймадан, қызыл қоңыр түсті екі жолағы бар қою көк түсті ләстік ілмекөрім.

4) ақ пен қызыл сары түсті жолақтары кезектесетін тельняшка.

20. Бас киімдердің сипаттамасы:

1) сұр түсті табиғи қаракөлден тігілген құлақшын (полковниктер үшін);

2) жылы қою көк түсті матадан тігілген құлақшын қалпақтан, беттік күнқағардан және құлаққаптары бар желкеліктен тұрады. Күнқағардың бет бөлшегі, құлаққаптар мен желкелік қою көк түсті "флис" трикотаж жаймадан тігіледі. Күлапараны және төменгі беттік бөлігі жылы аралық төсемі бар қою көк түсті су өткізбейтін матадан тігіледі;

3) жартылай жүннен тоқылған дөңгелек пішінді құлақшынның екіқабатталған қайырмасы жартылай таралған иірімжіптен тоқылған. Қайырманың алдыңғы жағында қабырғаның ортасына кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналастырылады;

4) қою көк түсті мақта – матадан тігілген, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын бейсболка. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

5) қою көк түсті күртенің матасынан тігілген, құлаққабы, астары бар, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын, маусымдық бейсболка. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Астары флисті трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

6) қою қызыл сары түсті берет.

21. Аяқ киімнің сипаттамасы:

1) қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық бөлшекпен

, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

2) қара түсті ұзын қонышты жылы былғары қыстық бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

22. Аксессуарлардың сипаттамасы:

1) көлемі 120×30 см тікбұрыш түріндегі қою көк түсті жартылай жүн тоқылған кашне. Кашненің ұшы шетінен жиектеп торланған тігіспен өңделеді;

2) бес саусақты жылы былғары қолғап.

23. Айырым белгісінің сипаттамасы:

арнайы нысанды киімге арналған мақсаты бойынша;

бекіту әдісі бойынша- муфтааларда алмалы – салмалы.

Погондардың өлшемдері:

муфтаалардағы алмалы - салмалы погондар - ұзындығы 11,0 - 13,0 см, төменгі жиегі бойынша ені 5,5 см, жоғарғы жиегі бойынша-5,0 см.

Арнайы нысанды киімге тағылатын погон төсемі:

мата түсіндегі қою көк түсті, алтын түстес ұлттық өрнекпен өрнектелген, жиегі қызыл қоңыр түсті.



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке

24. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жеңдегі белгілер дегеніміз стандартталған мата тігісті, өзара бейнесімен, мәтіндік жазбамен және түрлі түсті үйлесімімен ажыратылатын шеврондар. Сыртқы киімдердің сыртқы жағына тігіледі;

2) жең басталатын жердегі жоғарғы тігістен 12 см қашықтықта, әскери киімнің сол жақ жеңіне қалқан нысанында тігілетін ҚР ТЖМ тиесілілігін көрсететін шеврон. Шеврон көлемі ұзындығы – 90 мм, ені – 75 мм.

3) сол жеңнің сыртқы жағына тігілетін шеврон. Шевронның ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі. Орталық төсем алтын түстес бидай масағымен айшықталып сақиналанған. Шевронның ортасында көгілдір түсті доғал нысандағы жер шары орналасқан, параллель және меридиан екі шартты ақ түсті сызықпен белдеуленген, ортасында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түсті. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған шевронның төсемі қою көк түсті. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған шевронның төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



шеврон

4) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда ҚР ТЖМ аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл қоңыр жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде қызметкердің құрылымдық және аумақтық органдарға тиесілілігіне қарай "ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ", "ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ КОМИТЕТІ", "НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТЖД" жазбасы болады.

Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



жең белгісі



Өртке қарсы қызмет комитетінің қызметкерлер үшін жең белгісі



аумақтық бөлімшелердің қызметкерлеріне арналған жең белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, биіктігі 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңге, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

б) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер пішінде, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі бар. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (

қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

7) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы көрсетіледі. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.

QAZAQSTAN

B.S.KUZBAKOV

A(II) Rh+

тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

25. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары - алтындатылған мишурадан жасалған, матаның тонына жіппен көмкерілген;



Матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

3 - тарау. Кіші басшы және қатардағы құрамның арнайы нысанды киімі



3 - сурет

26. Кіші басшы және қатардағы құрамның арнайы нысанды киімі (3-сурет):

1) жазғы:

қара – көк түсті бейсболка немесе қара қызыл сары түсті берет;

сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

түймелері бар қысқа жеңді жейде және қою көк түсті шалбар;

ақ түсті футболка немесе ақ пен қызыл сары түсті жолақтары бар тельняшка;

қою көк түсті ұзын және қысқа жеңді футболка-поло (кезекші диспетчерлік қызметтердің қызметкерлері үшін);

қара түсті биік қонышты бәтеңке;

2) қысқы:

қою көк түсті матадан тігілген жылы құлақшын;

қою көк түсті тоқылған бөрік;

алмалы-салмалы құлапараны бар жапсырма қалталары бар қою көк түсті астары жылы күрте және қою көк түсті жылы шалбар;

мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитер;

қара түсті ұзын қонышты жылы қысқы бәтеңке;

қара түсті іші жылы қолғаптар;

қою көк түсті кашне.

Ауа температурасы + 20°C жоғары кезінде жоғарғы жағына түймеленетін қысқа жең жейде қою көк түсті футболкамен және бейсболкамен киіледі.

Жылы етікпен немесе қонышсыз бәтеңкемен шалбарды сыртына шығарып, күрте мен свитер киюге болады.

Футболка - поло кезекші-диспетчерлік қызмет қызметкерлеріне кезекшілік кезеңінде кию құқығымен беріледі.

27. Сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңір сыдырмасы сыдырма түймелікке, белдікке қосып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтасының тіктөртбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

28. Жейденің және қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) орталық өңірлік сыдырмасы түймелікке түймеленетін қысқа жеңді жейде. Алдыңғы жағында түймемен түймеленетін пішінді қақпақшалы жапсырма кеуде қалтасы бар. Кеуде қалтасының қақпақшаларында алмалы – салмалы жапсырмасы бар.

Арқалығы екі иінішімен. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, поғоны ендіре тігілген. Жеңінің төменгі жағы тұтас пішілген, бастырмалап, әрлеп тігілген тігісі бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

29. Жапсырмалы қалтасы, алмалы - салмалы күлапараны бар қою көк түсті жылы күртенің және қою көк түсті жылы шалбардың сипаттамасы:

1) сұлбасы тік ерлер күртесі, орталық өңір сыдырмасы ажыратылатын түймелігімен – екі құлыпты сыдырмамен, желден қорғайтын қақпақшамен, жасырын түймелігімен. Алдыңғы жағында бүйірінен қақпақшасы бар жапсырмалы қалталары бар. Астары бар жапсырмалы қалталары және оның үстіне кірісі бүйірінен жасалған жапсырмалы жылы қалта тігілген. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ – нің алмалы салмалы кеуделік белгісі бар. Арқасы иінішімен және тігінен екі қабатталған. Жеңі қондырып тігілген, екітігісті қолтық үшкіл қиынды, погондары ендіре тігілген, шынтақ аймағында күшейткіш жапсырмалары бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жең астарының төменгі жағында қондыра тігілген білезікқабы бар. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Күлапараны бекітуге арналған тік жағаның өңіржиегі бар. Алмалы – салмалы күлапарасы жылы, тұтас пішілген қалқаншаның баутесігінде ұштығы мен бекіткіші бар, күлапараның төменгі жағында өтпелі ұштығы бар. Астары жылы, алдыңғы жағының астарында қақпақшасы бар жапсырмалы қалталары бар;

2) жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілмелі таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

30. Мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитердің сипаттамасы: жартылай жүнді тоқыма свитер, қою көк түсті дөңгелек ойын мойындысы бар. Алдыңғы және артқы жағы тұтас. Алдыңғы сол жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар.

Ендіре тігілген погоны бар жеңі қондыра тігілген. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы белгілері бар. Иықтарында және шынтақтарында күшейткіш жапсырмалары бар. Мойындысы, манжеттері әдіптелген және белдігі екі иілімді.

31. Футболкалардың сипаттамасы:

1) мойын ойындысы терең ойылған, қысқа жеңді, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген, қою көк түсті футболка. Артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Негізгі матаның түсінде, мойындысы иілімді трикотаж жаймадан екі қабаттан әдіптеліп өңделген. Сол жағында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.

4) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл қоңыр жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде қызметкердің құрылымдық және аумақтық органдарға тиесілілігіне қарай "ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ", "ӨРТКЕ ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТ КОМИТЕТІ", "НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТЖД" жазбасы болады. Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



жең белгісі



Өртке қарсы қызмет
комитетінің
қызметкерлер үшін жең
белгісі



аумақтық бөлімшелердің
қызметкерлеріне арналған жең
белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, ұзындығы 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңде, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

б) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер пішінде, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі бар. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

7) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы көрсетіледі. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.

QAZAQSTAN

B.S.KUZBAKOV

A(II) Rh+

тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

62. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары - алтындатылған мишурадан жасалған, матаның тонына жіппен көмкерілген;



матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

6-тарау. Азаматтық қорғау органдарының орталық аппаратының, ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне арналған арнайы нысанды киім



6 -сурет

63. Азаматтық қорғау органдарының орталық аппаратының, ведомстволары мен аумақтық бөлімшелерінің әскери қызметшілеріне арналған арнайы нысанды киім (6-сурет):

1) жазғы:

бейсболка немесе қара қызыл сары түсті берет;

сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

сыдырмалы қысқа жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

ақ түсті футболка немесе ақ– қызыл сары түсті кезектесетін жолақтары бар тельняшка;

қою көк түсті ұзын және қысқа жеңді футболка-поло - кезекші-диспетчерлік қызметтердің әскери қызметшілері үшін;

қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке;

қара түсті былғары қысқа қонышты бәтеңке;

2) қысқы:

қою көк түсті матадан тігілген жылы құлақшын (жоғары офицерлер құрамы мен полковниктер үшін-күнқағары бар сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын);

қою көк түсті маусымдық бейсболка;

алмалы-салмалы күләпарасымен және қою көк түсті жылы ішкі күртесімен (жоғары офицерлер құрамы мен полковниктері үшін алмалы-салмалы үлбір терісі бар);

қара түсті қонышы ұзын жылы былғары бәтеңке;

қара түсті жылы былғары қысқа қонышты етік;

қара - көк түсті мойны жоқ свитер.

Ескертпе:

1) суық ауа райында жазғы арнайы нысанды киім болған кезде және жылы ауа райында қысқы арнайы нысанды киім кезінде қою көк түсті ішкі күрте мен кашне киюге рұқсат етіледі, маусымдық бейсболка;

2) ауа температурасы +20оС жоғары болғанда бейсболкасы бар футболканың сыртынан қысқа жеңді күрте киіледі;

3) қысқа бәтеңке мен жылы етікте балағы сыртқа шығарылған шалбары бар күрте мен свитер киюге жол беріледі.

64. Ұзын жеңді сыдырмасы бар күрте мен балағы сыртқа шығарылған шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, сыдырма ілгекке орталық өңірлік ілгек, жалғап тігілген белдік. Алдыңғы жағы иінішті, кеуде және бүйір қалталарымен. Кеуде қалталары тік бұрышты қақпақшалары бар. Қақпақшаларда алмалы-салмалы жапсырмалар бар. Бүйір қалталары жапырақшалы. Арқалығы иінішті. Жеңдері жапсыра тігілген ұзын, қос тігісті, тігілген погондары, түймелерге түймеленетін жалғап тігілген манжеттері бар. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жағасы қайырмалы, қондырып тігілген. Икемді лентадан ендімесі бар жалғап тігілген белдік;

2) сырып тігілген белбеуі бар қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысы бүйір қалтасымен. Артқы оң жартысы қақпақшалы рамкадағы тілік қалтасымен. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Белдік сырылып тігілген, түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

65. Қысқа жеңді сыдырмасы бар күрте мен қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) қысқа жеңді қою көк түсті күрте, сыдырма ілгекке орталық өңірлік ілгек, жалғап тігілген белдік. Алдыңғы жағы иінішті, кеуде және бүйір қалталары бар. Тік бұрышты қақпақшалары бар жапсырма кеуде қалталары. Қақпақшаларда алмалы салмалы жапсырмалар бар. Бүйір қалталары жапырақшалы. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңдері қысқа, екі тігісті, погондары тігісті, өңдеу тігісімен тігілген қондырмалы манжеттері бар. Сол және оң қол жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілері болады. Жағасы қондырып тігілген, қайырмалы. Икемді таспадан ендімесі бар жалғап тігілген белдік;

2) тігілген белдікпен қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысы бүйір қалтасымен. Артқы оң жартысы қақпақшалы рамкадағы тілік қалтасымен. Гульфик сыдырма ілгекке түймеленеді. Белдік сырылып тігілген, түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

66. Қою көк түсті жапсырма қалталы күрте мен шалбардың сипаттамасы:

1) орталық ішкі өңірлік ілгегі бар алты түймедегі күрте, жоғарғы ілмегі тура. Сыртқы кеуде және бүйір қақпақшалы көлемді жапсырма қалталарымен. Кеуде қалталарының қақпақшаларында алмалы-салмалы жапсырмалар болады. Алдыңғы жағының белге дейін астары бар. Алдыңғы жағының астарында түймелермен

түймеленетін екі жапсырма қалта бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырмалы, екі тігісті, тігісті погондары, шынтақ тұсындағы күшейткіш жапсырмалары бар. Жеңнің төменгі жағында түймеге ілмекпен түймеленетін паталары бар. Пата жеңнің көлемін төменгі жағында орналасқан үш түймемен реттейді. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Алдыңғы жағы мен арқалығында бүйір тігісінің екі жағынан екі желдеткіш саңылаулар деңгейінен төмен ойықтар. Жағасы қайырмалы, қиылған-тік. Күрте бел сызығы мен төменгі жағынан баумен тартылады;

2) сырып тігілген белбеуі, алдыңғы жартысындағы бүйір қалталары, қақпақшалары бар бүйір тігістері жағында сыртқы жапсырма көлемді қалталары бар шалбар. Бүйір тігістердің үстіндегі белдеуде тікбұрышты пішінді екі ілмек және жеті қос ілмек бар. Белдікше белдіктің көлемін екі түймемен реттейді. Алдыңғы жартысының тізе жағында күшейткіштері бар. Ортаңғы тігіс аймағында күшейткіштері бар артқы жартысы. Шалбар орта тігісте төрт түймемен түймеленеді, олардың біреуі белдікте. Шалбардың төменгі жағына бүйір жақтарына балақбау қондырып тігілген.

67. Алмалы-салмалы үлбір жиегімен жылытылған күртенің сипаттамасы жоғары басшы құрам мен полковниктерге арналған күләпарамен және қою көк түсті ішкі күртемен:

1) ерлер күртесі тік пішінді, ұзартылған, орталық өңірлі екі құлыпты сыдырма ілгегі бар. Кеудеге тағатын иініші бар алдыңғы жағы және бүйір қалталары. Сыдырма ілгекке түймеленетін жапырақшалы қиылған кеуде қалталары. Бүйір қалталары жапсырма. Алдыңғы сол жағында Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің (бұдан әрі- ҚР ТЖМ) алмалы-салмалы кеудебелгісі орналасқан. Арқасы қондырып тігілген иінішті. Бел сызығы бойынша - бауымен бекіткіштері және ұштықтары бар бауымен ішкі баутесік. Жеңі жапсыра тігілген, екі тігісті, тігілген погондары, ішкі тоқыма манжеттері бар. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жағасы қондырып тігілген-тік, ішкі алмалы-салмалы тоқыма омыраулығы мен күләпарасы бар. Алмалы-салмалы күләпара жағаға сыдырма ілгекпен, бет ойығы бойынша баумен реттеледі, баудың ұштары ұштықтарымен бекіткіші бар. Күләпара алмалы-салмалы үлбір теріден;

2) ішкі күрте тік пішінді, орталық өңірлік сыдырма ілгекпен қысқартылған. Алдыңғы жағы бүйірінен ойылып салынған жапырақшалы қалталары бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ алмалы салмалы кеудебелгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырмалы, тігілген погондары бар екі тігісті. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жағасы – тік жапсыра тігілген.

68. Жылы алмалы-салмалы күләпарасымен және қою көк түсті ішкі күртемен күртенің сипаттамасы:

1) ерлер күртесі тік пішінді, ұзартылған, орталық өңірлік екі құлыпты сыдырма ілгегі бар. Алдыңғы жағының иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Сыдырма ілгекке түймеленетін жапырақшалы қиылған кеуде қалталары. Бүйір қалталары

жапсырма. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ алмалы салмалы кеудебелгісі бар. Арқалығы қондырып тігілген иінішті. Бел сызығы бойынша - бауымен бекіткіштері және ұштықтары бар бауымен ішкі баутесік. Жеңі жапсыра тігілген, тігілген погондары бар екі тігісті, ішкі тоқыма манжеттері бар. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жағасы қондырып тігілген –тік, ішкі жағынан алмалы-салмалы тоқыма баутесігі мен күләпарасы бар. Алмалы-салмалы күләпарасы жағаға сыдырма ілгегімен түймеленген, бет ойығы бойынша ұштығының бекіткіші бар баумен реттеледі;

2) ішкі күрте тік пішінді, орталық өңірлік сыдырмамен қысқартылған. Алдыңғы жағының жапырақшалы бүйір қалталары бар. Алдыңғы сол жағында алмалы-салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі. Арқалығы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, қос тігісті тігілген погондары бар. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жағасы қондырып тігілген тік.

69. Алмалы-салмалы күләпарасы мен бар жапсырма қалталары бар қою көк түсті астары жылы күртенің және қою көк түсті астары жылы шалбардың сипаттамасы:

1) орталық өңірлік ілгегі бар тік пішінді ерлер күртесі екі құлпы, жел өткізбейтін қақпақшасы бар алмалы - салмалы сыдырма ілгішке жасырын ілгекпен. Алдыңғы жағының бүйірінен қақпақшалы жапсырма қалталары бар. Астары бар және бүйірден салынатын жылы жапсырма қалталары сырып тігілген. ҚР ТЖМ алмалы салмалы кеудебелгісі бар. Арқалығы иінішті және екі тік қатпармен. Жеңі жапсыра тігілген, қолтық үшкіл қиындысы бар екі тігісті, тігілген погондары бар, шынтақ тұсындағы күшейткіш жапсырмалары бар. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Жеңнің төменгі жағының астарында білезікқап тігілген. Бел сызығы бойынша бауы мен бекіткіштері бар ішкі баутесік. Күләпараны түймелеуге арналған өңіржиегі бар тік жаға. Алмалы-салмалы, жылы, тұтас пішілген күнқағары бар, бауы мен бекіткіші бар, күләпараның төменгі жағының ауыспалы ұштығы бар. Алдыңғы жағының астарында жапсырма қақпақшалы қалтасы бар, жылы астарымен;

2) астары жылы, жапсыра тігілген белдігімен, ромб пішінде сырып тігілген, желден қорғайтын қақпақшасымен, сол жақ бөлігінде сағат салатын қалтасымен. Алдыңғы жартысы бүйірінде көлемді жапсырма қалталары, тізе тұсында күшейткіш жапсырмалары бар. Ортаңғы тігіс маңында күшейткіш жапсырмалары бар артқы жартысы бүкпесімен. Белдікте бүйір тігістерден артқы жартыға қарай екі белдікше және жеті қос белдікше орналасқан. Шалбар түймемен түймеленеді. Серпімді таспасы бар аспабауымен шалбардың беліне алдыңғы ұшымен рамкаға, артқы ұшымен екі түймеге бекітіледі. Шалбардың төменгі жағы серпімді таспамен тартылады. Шаңға қарсы шалбардың төменгі жағынан жұқа астар сырып тігіледі.

70. Қою көк түсті мойын сызығы жоқ свитердің сипаттамасы: жартылай жүн матадан тоқылған свитер, мойнының дөңгелек ойығы бар қою көк түсті. Алдыңғы жағы мен арқалығы бүтін. Алдыңғы сол жағында алмалы салмалы ҚР ТЖМ кеудебелгісі бар.

Жеңдері тігілген погондары бар қондырып тігілген. Сол және оң жеңдерде алмалы-салмалы жеңдік белгілер болады. Иық және шынтақ бөліктеріндегі күшейткіш жапсырмалар. Мойын, манжеттер және белдік екі серпімді.

71. Футболка сипаттамасы:

1) ақ және қою көк түсті қысқа жеңді, мойын астына биік ойығы бар мақта-матадан тігілген трикотаж жаймадан жасалған футболка. Алдыңғы жағынан, арқадан және қысқа жеңдерден тұрады. Мойын негізгі матаның түсіне екі қосымша серпімді тоқылған матадан жасалған. Сол жағында тігінен ұзартылған сегіз сәулесі бар ақ түсті жұлдыз түріндегі белгі бар, оның ортасында қызыл сары түсті шеңберде негізі төменде көрсетілген көгілдір түсті тең жақты үшбұрыш орналасқан;

2) қою көк түсті ұзын жеңді ерлер поло-футболкасы. "Пике" тоқыма матадан жасалған поло-футболка. Алдыңғы жағы 3 түйме және 3 ілмекке арналған ілмек өңіржиегімен. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ алмалы салмалы кеудебелгісі бар. Арқалығы тұтас пішілген. Тігілген погондары бар ұзын қондырып тігілген жеңдер және манжеттер. Жағасы қайырмалы қондырып тігілген. Қос қызыл сары түсті жолақтары бар қою көк түсті күңгірт өрімді тоқыма матадан жасалған жеңдердегі жаға мен манжеттер;

3) қою көк түсті қысқа жеңді ерлер поло – жейдесі. "Пике" тоқыма матадан жасалған поло-футболка. Ілгегі бар алдыңғы жағы 3 түйме және 3 ілмегі бар өңіржиек. Алдыңғы жағында алмалы салмалы ҚР ТЖМ кеудебелгісі бар. Жеңдері тігілген погондары және жалғап тігілген манжеттері бар қысқа қондырмалы. Жағасы қайырмалы қондырып тігілген. Жеңдегі жаға мен манжеттер қою көк түсті өрмелі тоқылған тоқыма матадан қос қызыл сары жолақтармен.

72. Тельняшка сипаттамасы:

1) жеңсіз кезектесетін ақ-қызыл сары жолақтары бар,

әрқайсысының ені 10 мм қызыл сары және ақ түсті кезектесетін көлденең жолақтары бар мақта-матадан тігілген тоқыма матадан жасалған мойын ойығы жоғары тельняшка;

2) ұзын жеңді кезектесетін ақ-қызыл сары жолақтары бар, мақта-мата тоқыма матадан жасалған мойын ойығы жоғары, кезектесетін әрқайсысының ені 10 мм қызыл сары және ақ түсті көлденең жолақтары бар тельняшка;

3) кезектесетін ақ-қызыл сары жолақтары бар жылы тельняшка ұзын жеңімен, мойын астына жоғары ойығымен әрқайсысының ені 10 мм ақ-қызыл сары және ақ түсті кезектесетін көлденең жолақтары бар футерленген мақта-матадан жасалған тоқыма матадан.

73. Бас киімдердің сипаттамасы:

1) күнкағары бар сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын сына тәрізді нысандағы төрт бөлшектен дайындалған бастан, күнкағардан және құлақшыны бар желкеліктен тұрады, олардың ұштарына байлауға арналған бау тігілген. Күнкағардың және

желкеліктің бет бөліктері табиғи қаракөлден жасалған құлаққаптармен. Жартылай жүн сұр түсті шұғадан жасалған қалпақ, астары жоғарғы жағының түсіне ватинамен сырылған. Жоғары басшы құрам үшін күнқағарда лавр бұтақтары түріндегі алтын түстес жіппен кестеленген;

2) жылы қою көк түсті матадан тігілген құлақшын қалпақтан, бет пердесінен және құлаққаптары бар желкеліктен тұрады. "Флис" тоқыма матасынан күнқағардың, құлақаспаптың және желкеліктің бет бөлшектері қою көк түсті. Қалпақ және жылытатын төсемі бар қою көк түсті су өткізбейтін матадан жасалған бүйірлі бөлшектер;

3) жартылай жүнді тарақ иірімжіптен жасалған, дөңгелектенген пішінді қос қайырма жағалы жартылай жүнді бөрік. Қайырылған жері алдынан қабырғаның ортасына кестеленген эмблемасы бар кокарда орналастырылады;

4) қою көк түсті мақта-матадан жасалған бейсболка алты сынадан, күнқағардан, ілгектен. Жоғарғы бөліктердегі сыналар желдеткіш саңылаулары бар. Қызыл түсті матадан жасалған жиегі бар күнқағар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестеленген эмблемасы бар кокарда орналасады. Жоғары басшы құрам үшін күнқағарда лавр бұтақтары түріндегі алтын түстес жіппен кестеленген;

5) қою көк түсті күрте матадан тігілген маусымдық бейсболка құлаққап, астары бар, алты сынадан, күнқағардан, ілгектен тұрады. Қызыл түсті матадан тігілген жиегі бар күнқағар. Астары флис тоқыма матадан. Алдыңғы қабырғаның ортасына кестеленген эмблемамен кокарда орналастырылады. Жоғары басшы құрам үшін күнқағарда лавр бұтақтары түрінде алтын түстес жіппен кестеленген.

74. Аяқ киімнің сипаттамасы:

1) қара түсті қысқа былғары бәтеңке. Табиғи беті тегіс хромды былғарыдан жасалған, бүйірі жасырын серпімді жолақтары бар немесе баулары бар, жұмсақ жиектемесіз немесе жұмсақ жиегі бар, тозуға төзімді табаны бар қара түсті қысқа қонышты бәтеңке. Қысқа бәтеңкелер жұлықтардан, қоныштардан, артқы сыртқы белдіктен, төсеме және төсеме аралық бөлшектерден, сондай – ақ төменгі бөліктерден-негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсығы мен сіріден аяқтан, ұлтарактың астындағы толтырғыштан, табаннан тұрады;

2) қара түсті жылы былғары қысқа қонышты етік. Табиғи хром терісінен жасалған қара түсті жылы қысқа қонышты етік жұлықтардан, сирақ, сіріден, астарлық және астар аралық бөлшектерден, сондай – ақ төменгі бөліктің-негізгі ұлтарактың, жартылай ұлтарактың, ұлтарактың астындағы толтырғыштан, табаннан тұрады;

3) қара түсті қонышы биік былғары бәтеңке. Аяқ киімнің ішіне кірдің, шаңның, ылғалдың түсуін болдырмайтын жартылай бітеу немесе бітеу қақпағы бар биік қонышты бәтеңке, жұмсақ жиегі бар, табаны құю әдісімен жасалған. Бәтеңке артқы

сыртқы белдікке өтетін жұлықтардан, қоныштардан және артқы белдікке ауысатын сіріден, астарлы және астараралық бөліктерден, сондай – ақ төменгі бөліктерден тұрады-негізгі ұлтарак, жартылай ұлтарак, ұлтарак астын толтырғыш, сірі, табан;

4) кара түсті қонышы биік жылы былғары бәтеңке. Аяқ киімнің ішіне кірдің, шаңның, ылғалдың түсуін болдырмайтын жартылай бітеу немесе бітеу қақпағы бар биік қонышты бәтеңке, жұмсақ жиегі бар, табаны құю әдісімен жасалған. Бәтеңке артқы сыртқы белдікке өтетін, астарлы және астараралық бөлшектерді, сондай – ақ төменгі бөліктерден-негізгі ұлтарак, жартылай ұлтарак, ұлтарактың астындағы толтырғыштан, табаннан тұрады.

75. Аксессуарлардың сипаттамасы:

1) көлемі 120×30 см тікбұрыш түріндегі қою көк түсті жартылай жүн тоқылған кашне;

2) Бес саусақты жылы былғары қолғап.

76. Айырым белгілерінің сипаттамасы:

арнайы нысанды киімге арналған мақсаты бойынша;

бекіту әдісі бойынша-муфталарда алмалы салмалы.

Погондардың өлшемдері:

муфталардағы алмалы - салмалы погондар - ұзындығы 11,0 - 13,0 см, төменгі жиегі бойынша ені 5,5 см, жоғарғы жиегі бойынша-5,0 см.

Погон өрісі:

алтын түстес ұлттық өрнекпен өрнектелген, қызыл түсті жиектемесі бар мата түстес қою көк түсті арнайы нысанды киім.



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке



қысқы күртелерге және арнайы киім-кешекке

77. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жең белгілері стандартталған мата болып табылады - түсірілген бейнелердің мазмұнымен, мәтіндік жазбалармен және түстік үйлесімімен өзара ерекшеленетін тігілген шеврондар. Сыртқы киімнің сыртына тігіледі;

2) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне тиесілілігін көрсететін шевроны сол жақ жеңіне тігілетін, жеңдер қосылысының жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта қалқан нысаны болып табылады. Шевронның өлшемдері: ұзындығы бойынша - 90 мм, ені бойынша-75 мм.;

3) шеврон сол жеңнің сыртқы жағына тігіледі. Шевронның ішкі жиегінде қызыл сары түсті жиек жүргізілген, орталық жиегі алтын түстес айшықты бидай масағымен айшықталған. Шевронның ортасында параллельдер мен ақ түсті меридианның екі шартты сызығымен белдемделген, көгілдір түсті сопақша нысандағы жер шары орналасқан, оның ортасында тігінен ұзартылған сегіз сәулесі бар ақ түсті жұлдыз түрінде, оның ортасында қызыл сары түсті шеңберде негізі төменде көрсетілген көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түспен орындалады. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған шевронның жиегі негізгі мата түсімен орындалады. Жазулардың түсі жоғары басшы құрам үшін қалықтап ұшқан қыранның сұлбалық бейнесі алтын түстес жіппен кестеленеді;



шеврон

4) Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін көрсететін жеңдегі белгі диаметрі 75 мм дөңгелек нысандағы жеңдер қосылысының жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта киім-кешектің оң жақ жеңіне (жейдені қоспағанда) тігіледі. Жеңдегі белгі шеңбер түрінде болады, жеңдегі белгінің сыртқы жиегі қызыл түсті жиек жүргізілген, шеңбердің ортасында - ортасында қызыл сары түсті шеңберде негізі төменгі жағында көгілдір түсті тең жақты үшбұрыш орналасқан, ортасында тігінен созылған сегіз сәулесі бар ақ түсті жұлдыз түрінде оған белгі жазылған жер шарының айшықты контурының бейнесі орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтап ұшқан қыран контуры – алтын түстес, жер шары контурының ішкі кеңістігі көгілдір түсті, қыран контуры – қою көк түсті. Қара

қызыл жиектің ішкі жағында шеңбердің периметрі бойынша жоғарғы бөлігінде "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ", төменгі бөлігінде әскери қызметшінің аумақтық органға тиесілігіне қарай – "ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ", "Солтүстік Қазақстан облысының ТЖД", "Нұр - Сұлтан қаласының ТЖД" деген жазу орналасқан. Қалықтап ұшқан қыран мен тиісті жазуы арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған жеңдегі белгінің жиегі негізгі мата түсімен орындалады. Жоғары басшы құрамға арналған жазулардың және қалықтап ұшқан қыранның бейнесінің түсі алтын түстес жіппен кестеленеді;



жең белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, ұзындығы 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңде, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.;



жеңдегі жапсырмасы

4) кеудебелгі киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер, қою көк фонда, ортасында ҚР ТЖМ белгісі болады. ҚР ТЖМ белгісі қызыл жолақпен көмкерілген, оған көгілдір түсті шеңбер салынған жеті бұрышты жұлдызды білдіреді. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!". Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен Азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ-ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!", "ТЖМ", жер шары мен қыран аббревиатуралары – алтын түсті. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі көк түсті кеңістік;



кеуде жапсырмасы

5) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тік бұрышты нысандағы кеудебелгілер қою көк түсті матадан тігілген жапсырмалар болып табылады, жапсырманың ені-3,5 см., ұзындығы-13 см., тігіледі кеуде бөлігінде тиісінше оң және сол жағында арнайы нысанды киімде. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл түсті жиекпен көмкерілген. Әріптердің (сандардың) биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм., ақ түспен. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының жиегі негізгі матаның түсіне.



тік бұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

78. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда матаның түсіне көмкерілген қою көк түсті матадан дайындалады. Кокарданың ортасында тігінен ұзартылған сегіз сәулесі бар ақ түсті жұлдыз түріндегі кестеленген белгі, оның ортасында қызыл сары түсті шеңберде негізі төменгі жағында көгілдір түсті, сыртқы сопақшаға жиналатын алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда матаның тонына алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары-алтындалатын мишурадан жасалған, матаның өңіне түстес жіппен көмкерілген;



Матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, металл бекіткіштерге екі бекіткіші бар тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі.

Белдіктің ұзындығы бойынша 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде дайындалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы -110, 120, 130, 140 см.



арнайы нысанға тағылатын белдік

7 - тарау. Азаматтық қорғау органдары азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің әскери қызметшілеріне арналған арнайы нысанды киім



7 - сурет

79. Азаматтық қорғау органдары азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінің әскери қызметшілеріне арналған арнайы нысанды киім (7-сурет):

1) жазғы:

кокардасы бар қою көк түсті далалық кепи немесе қою қызыл сары түсті берет;

погоны бар сыдырмалы далалық күрте және қою көк түсті тік пішімді шалбар;

қою көк түсті футболка немесе ақ пен қызыл сары түсті жолақ кезектесетін тельняшка;

қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке;

2) қысқы:

қара жусан түсті тері құлақшын (полковниктер үшін – қалқаншасы бар сұр түсті қаракөден тігілген бас киім);

алмалы – салмалы құлапараны бар жапсырмалы қалталары бар сыдырмалы күрте және қою көк түсті жылы шалбар (полковниктер үшін – алмалы – салмалы тері үлбірімен);

қара түсті қонышы ұзын жылы былғары бәтеңке;

80. Погоны бар сыдырмалы далалық күрте мен қою көк түсті тік пішімді шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді погоны бар қою көк түсті сыдырмалы далалық күрте, орталық өңір сыдырмасы сыдырмалы ілгекке ілінеді, белі қондырып тігілген. Алдыңғы жағында сыртқы кеудесі мен бүйірінде екі түймемен жасырын ілгекпен ілінетін қақпақшасы бар жапсырмалы көлемді қалтасы бар. Кеуде қалтасының қақпақшаларында алмалы салмалы жапсырмалары бар. Алдыңғы жағында беліне дейін астары бар. Алдыңғы жағының астарында түймемен түймеленетін екі жапсырмалы қалтасы бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі ендіре тігілген погоны бар, екі тігісті, қондырып тігілген, шынтақ аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Жеңнің төменгі жағында түмесі ілгекке түймеленетін патасы бар. Пата төменгі жағынан төменгі бөлікте орналасқан үш түймемен жеңнің көлемін реттейді. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Алдыңғы және арқа жағында жең ойындысынан төмен екі жағынан бүйір тігісінен екі желдеткіш тесігі бар. Жағасы тік қиылған, қайырылатын. Бел сызығы және күртенің төменгі жағы баумен тартылады;

2) белі қондырып тігілген, алдыңғы жартысында бүйір қалталары бар, сыртқы бүйір тігісі аймағында қақпақшалары бар жапсырмалы көлемді қалталары бар. Белінде бүйір тігісі үстінде тік бұрышты пішімдегі екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Белдікше белдің көлемін екі түймемен реттейді. Алдыңғы жартысында тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысы бүкпелі, орта тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Шалбар орта тігісінде төрт түймемен түймеленеді, оның біреуі белдігінде. Шалбардың балағы бүйір жағынан балақбаумен тартылады.

81. Полковниктерге арналған алмалы - салмалы үлбір терісі бар құлапараны және қою көк түсті ішкі күртесі бар сыдырмалы жылы күрте сипаттамасы:

1) сұлбасы тік күрте, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар қалта, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде ҚР ТЖМ-нің алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы

жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен күлапараны бар. Алмалы – салмалы күлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар. Күлапаранында алмалы – салмалы үлбір терісі бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, орталық өңір ілмек сыдырмасы қысқа. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

82. Жапсырмалы қалтасы, алмалы - салмалы күлапараны бар сыдырмалы жылы қою көк түсті күртенің және қою көк түсті жылы шалбардың сипаттамасы:

1) сұлбасы тік ерлер күртесі, орталық өңір сыдырмасы ажыратылатын түймелігімен – екі құлыпты сыдырмамен, желден қорғайтын қақпақшамен, жасырын түймелігімен. Алдыңғы жағында бүйірінен қақпақшасы бар жапсырмалы қалталары бар. Астары бар жапсырмалы қалталары және оның үстіне кірісі бүйірінен жасалған жапсырмалы жылы қалта тігілген. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ – нің алмалы салмалы кеуделік белгісі бар. Арқасы иінішімен және тігінен екі қабатталған. Жеңі қондырып тігілген, екітігісті қолтық үшкіл қиынды, погондары ендіре тігілген, шынтақ аймағында күшейткіш жапсырмалары бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жең астарының төменгі жағында қондыра тігілген білезікқабы бар. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Күлапараны бекітуге арналған тік жағаның өңіржиегі бар. Алмалы – салмалы күлапарасы жылы, тұтас пішілген қалқаншаның баутесігінде ұштығы мен бекіткіші бар, күлапараның төменгі жағында өтпелі ұштығы бар. Астары жылы, алдыңғы жағының астарында қақпақшасы бар жапсырмалы қалталары бар;

2) жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілмелі таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

83. Футболкалардың сипаттамасы:

1) мойын ойындысы терең ойылған, қысқа жеңді, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген, қою көк түсті футболка. Алдыңғы және артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Негізгі матаның түсінде, мойындысы иілімді трикотаж жаймадан екі қабаттан

әдіптеліп өңделген. Сол жағында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.

84. Тельняшканың сипаттамасы:

1) ақ пен қызыл сары түсті жолақпен кезектескен, жеңсіз, мойын ойындысы терең ойылған тельняшка, әрқайсысының ені 10 мм қызыл сары және ақ түсті жолақтар көлденеңінен кезектесетін мақта маталы трикотаж жайма тігіледі;

2) ақ пен қызыл сары түсті жолақпен кезектескен, ұзын жеңді, мойын ойындысы терең ойылған тельняшка, әрқайсысының ені 10 мм қызыл сары және ақ түсті жолақтар көлденеңінен кезектесетін мақта маталы трикотаж жайма тігіледі;

3) ақ пен қызыл сары түсті жолақпен кезектескен, жылы, ұзын жеңді, мойын ойындысы терең ойылған тельняшка, әрқайсысының ені 10 мм қызыл сары және ақ түсті жолақтар көлденеңінен кезектесетін мақта маталы трикотаж жайма тігіледі.

85. Бас киімдердің сипаттамасы:

1) қиық бейнелі пішінде төрт бөлшектен жасалған ұшынан, ұшында байлауға арналған ызба тігілген күнқағардан және құлаққаптары бар желкеліктен тұратын, күнқағары бар сұр түсті қаракөлден тігілген құлақшын. Күнқағардың бет бөлшегі, құлаққаптары бар желкелік табиғи қаракөлден жасалған. Күлапараны сұр түсті жартылай жүнді шұғадан, астары сыртқы мата түсіндегі күспеде сырылған. Жоғары басшы құрам үшін күнқағары лавр бұтағы түрінде алтын түстес канитель жіппен тігілген.

2) қалпақтан, беттік күнқағардан және құлаққаптары бар желкеліктен тұратын жылы теріден тігілген құлақшын. Күнқағардың бет бөлшегі, құлаққаптар мен желкелік қою көк түсті "флис" трикотаж жаймадан тігіледі. Күлапараны және төменгі беттік бөлігі жылы аралық төсемі бар қою көк түсті су өткізбейтін матадан тігіледі;

3) жартылай жүннен тоқылған дөңгелек пішінді құлақшынның екіқабатталған қайырмасы жартылай таралған иірімжіптен тоқылған бөрік. Қайырманың алдыңғы жағында қабырғаның ортасына кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналастырылады;

4) қою көк түсті мақта – матадан тігілген, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын кепі. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Қызыл түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

5) қою көк түсті мақта – матадан, күртенің матасынан тігілген маусымдық далалық кепі. Құлаққабы, астары, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұрады. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Қызыл түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Астары флисті трикотаж жаймадан тігілген. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

86. Аяқ киімнің сипаттамасы:

1) қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

2) қара түсті ұзын қонышты жылы былғары қыстық бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

87. Аксессуарлардың сипаттамасы:

1) көлемі 120×30 см тікбұрыш түріндегі қою көк түсті жартылай жүн тоқылған кашне. Кашненің ұшы шетінен жиектеп торланған тігіспен өңделеді;

2) бес саусақты жылы былғары қолғап.

88. Погондар үлгілерінің сипаттамасы мен суреттері "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары әскери қызметшілерінің әскери киім нысаны мен айырым белгілері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 144 Жарлығына сәйкес көзделген. Бекіту әдісі бойынша-муфталарда алмалы – салмалы.

89. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жеңдегі белгілер дегеніміз стандартталған мата тігісті, өзара бейнесімен, мәтіндік жазбамен және түрлі түсті үйлесімімен ажыратылатын шеврондар. Сыртқы киімдердің сыртқы жағына тігіледі;

2) жең басталатын жердегі жоғарғы тігістен 12 см қашықтықта, әскери киімнің сол жақ жеңіне қалқан нысанында тігілетін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне тиесілілігін көрсететін шеврон. Шеврон көлемі биіктігі – 90 мм, ені – 75 мм.

3) сол жеңнің сыртқы жағына тігілетін шеврон. Шевронның ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі. Орталық төсем алтын түстес бидай масағымен айшықталып көмкерілген. Шевронның ортасында көгілдір түсті доғал нысандағы жер шары орналасқан, параллель және меридиан екі шартты ақ түсті сызықпен белдеуленген, ортасында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түспен орындалады. Әскери қызметшілердің

киім-кешегіне арналған шевронның төсемі қою көк түсті. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған шевронның төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады.



шеvron

4) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде әскери қызметшінің әскери бөлімдерге тиесілілігіне қарай "28237 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ", "52859 ӘСКЕРИ БӨЛІМІ" жазбасы болады. Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады.



жең белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, ұзындығы 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңде, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

б) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер пішінде, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі бар. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

7) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы көрсетіледі. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.

QAZAQSTAN

B.S.KUZBAKOV

A(II) Rh+

тік бұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

90. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) кепиге арналған кокарда матаның түсінде жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары - алтындатылған мишурадан жасалған, матаның өңіне жіппен көмкерілген;



матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

8 - тарау. Ведомстволарға, азаматтық қорғау органдары мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының қызметкерлеріне арналған арнайы нысанды киім



8 - сурет

91. Ведомстволарға, азаматтық қорғау органдары мекемелері мен мемлекеттік кәсіпорындарының қызметкерлеріне арналған арнайы нысанды киім (8-сурет):

1) жазғы:

қою көк түсті бейсболка;

сыдырмалы ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

сыдырмалы қысқа жеңді күрте мен қою көк түсті шалбар;

қою көк түсті футболка;

қою көк түсті ұзын және қысқа жеңді футболка - поло - кезекші-диспетчерлік лауазым қызметкерлері үшін;

қара түсті хромды қысқа қонышты бәтеңке немесе қара түсті былғары туфли;

қара түсті ұзын қонышты бәтеңке;

2) қысқы:

қою көк түсті матадан тігілген жылы құлақшын;

қара - көк түсті маусымдық бейсболка;

қою көк түсті иірімжіптен жасалған жүн бөрік;

алмалы-салмалы күлапараны және ішкі күртесі бар жылы күрте қою көк түсті (бірінші басшылар үшін алмалы-салмалы үлбір терісі бар);

қою көк түсті жылы шалбар;

қонышы биік қара түсті жылы бәтеңке немесе қара түсті жылы хром етік;

қара түсті жылы былғары қысқа қонышты етік немесе қара түсті ұзын қонышты юфталы бәтеңке;

қою көк түсті мойын сызығы жоқ свитер.

Суық ауа райында жазғы арнайы киім және жылы ауа райында қысқы арнайы киім кезінде қою көк түсті ішкі күрте мен кашне, маусымдық бейсболка киюге рұқсат етіледі.

Ауа температурасы + 20°C жоғары кезінде жоғарғы жағына қысқа жеңді қою көк түсті футболка және бейсболка киіледі.

Жылы етікпен немесе туфлимен юбканы (шалбарды) сыртына шығарып, күрте мен свитер киюге болады.

Футболка - поло кезекші-диспетчерлік қызмет қызметкерлеріне кезекшілік кезеңінде кию құқығымен беріледі.

92. Қою көк түсті ұзын жеңді сыдырмалы күртенің және шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңірлік ілгекке ілінеді. Белдігі қондырып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтасының тікбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

93. Қою көк түсті қысқа жеңді сыдырмалы күртенің және шалбардың сипаттамасы:

1) қысқа жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңірлік ілгекке ілінеді. Белдігі қондырып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтасының тікбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

94. Қою көк түсті, алмалы - салмалы күлапараны және ішкі күртешесі бар жылы күртенің және шалбардың сипаттамасы:

1) сұлбасы тік күрте, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті екі құлыпты сыдырмамен. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде ҚР ТЖМ-нің алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі

баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен құлапараны бар. Алмалы – салмалы құлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, қысқа, орталық өңір ілмек сыдырмалы. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

95. Жылы астары бар, белдігі қосып тігілген, ромб формасында қаба сырылған, желден қорғайтын қақпақшасы бар, сол жақ жартысында сағат қалтасы бар шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір жапсырмалы көлемді қалтасы бар тізе аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Артқы жартысында бүкпесі бар, ортаңғы тігіс аймағында күшейткіш жапсырмасы бар. Бүйіріндегі жіптен белдікке дейін артқы жартысы жағына қарай екі белдікше және қабатталған жеті белдікше бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Шалбардың иілімді таспадан жасалған аспабауы бар, кәсекте алдыңғы ұштығымен шалбардың белдігіне, артқы ұшы екі түймемен бекітіледі. Шалбардың балағы иілімді таспамен қысып буылады. Шалбардың балағының жылы астары шаңға қарсы шүберекпен сырып тігіледі.

96. Мойын сызығы жоқ қою көк түсті свитердің сипаттамасы: жартылай жүнді тоқыма свитер, қою көк түсті дөңгелек ойын мойындысы бар. Алдыңғы және артқы жағы тұтас. Алдыңғы сол жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Ендіре тігілген поғоны бар жеңі қондыра тігілген. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы белгілері бар. Иықтарында және шынтақтарында күшейткіш жапсырмалары бар. Мойындысы, манжеттері әдіптелген және белдігі екі иілімді.

97. Футболкалардың сипаттамасы:

1) мойын ойындысы терең ойылған, қысқа жеңді, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген, қою көк түсті футболка. Артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Негізгі матаның түсінде, мойындысы иілімді трикотаж жаймадан екі қабаттан әдіптеліп өңделген. Сол жағында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.

2) қою көк түсті ұзын жеңді футболка – поло. Футболка – поло "пике" трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы жағында 3 түймелі және 3 ілмекті түймелік өңіржиегі бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Арқасы

тұтас пішілген. Қондырылған ұзын жеңі және қондырылған манжеттері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Жағасы және жеңдеріндегі манжеттері трикотаж жаймадан, қызыл қоңыр түсті екі жолағы бар қою көк түсті ләстік ілмекөрім.

3) "пике" трикотаж жаймадан қою көк түсті қысқа жеңді футболка – поло. Футболка – поло "пике" трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы жағында 3 түймелі және 3 ілмекті түймелік өңіржиегі бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Қондырылған қысқа жеңі және қондырылған манжеттері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Жағасы және жеңдеріндегі манжеттері трикотаж жаймадан, қызыл қоңыр түсті екі жолағы бар қою көк түсті ләстік ілмекөрім.

98. Бас киімдердің сипаттамасы:

1) жылы қою көк түсті матадан тігілген құлақшын қалпақтан, беттік күнқағардан және құлаққаптары бар желкеліктен тұрады. Күнқағардың бет бөлшегі, құлаққаптар мен желкелік қою көк түсті "флис" трикотаж жаймадан тігіледі. Күлапараны және төменгі беттік бөлігі жылы аралық төсемі бар қою көк түсті су өткізбейтін матадан тігіледі;

2) жартылай жүннен тоқылған дөңгелек пішінді құлақшынның екіқабатталған қайырмасы жартылай таралған иірімжіптен тоқылған бөрік. Қайырманың алдыңғы жағында қабырғаның ортасына кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналастырылады;

3) қою көк түсті мақта – матадан тігілген, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын бейсболка. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

4) қою көк түсті күртенің матасынан тігілген, құлаққабы, астары бар, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын, маусымдық бейсболка. Қызыл қоңыр түсті матадан тігілген қалқаншаның жиегі бар. Астары флисті трикотаж жаймадан тігіледі. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестелеп тігілген эмблемасы бар кокарда орналасады.

99. Аяқ киімдердің сипаттамасы:

1) қара түсті былғары қысқа қонышты бәтеңке. Қара түсті табиғи беті тегіс хромды былғары қысқа қонышты бәтеңке, бүйірінде жасырын резеңке немесе бауы бар. Тозуға төзімді табанының жұмсақ немесе қатты жиектемесі бар. Қысқа қонышты бәтеңке жұлықтан, жіліншіктен және артқы сыртқы белдіктен өтетін сіріден, астардан және астараралық бөлшектерден, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады;

2) қара түсті ұзын қонышты былғары бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан,

қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады;

3) қара түсті ұзын қонышты жылы былғары қыстық бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады;

4) қара түсті жылы былғары қысқа қонышты етік. Қысқа қонышты жылы қара түсті табиғи хром етік жұлықтан, қоныштан, сіріден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады;

5) қара түсті ұзын қонышты жылы көксауыр бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады;

100. Аксессуарлардың сипаттамасы:

1) көлемі 120×30 см тікбұрыш түріндегі қою көк түсті жартылай жүн тоқылған кашне. Кашненің ұшы шетінен жиектеп торланған тігіспен өңделеді;

2) бес саусақты былғары қолғап.

101. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жеңдегі белгілер дегеніміз стандартталған мата тігісті, өзара бейнесімен, мәтіндік жазбамен және түрлі түсті үйлесімімен ажыратылатын шеврондар. Сыртқы киімдердің сыртқы жағына тігіледі;

2) жең басталатын жердегі жоғарғы тігістен 12 см қашықтықта, әскери киімнің сол жақ жеңіне қалқан нысанында тігілетін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне тиесілілігін көрсететін шеврон. Шеврон көлемі ұзындығы – 90 мм, ені – 75 мм.

3) сол жеңнің сыртқы жағына тігілетін шеврон. Шевронның ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі. Орталық төсем алтын түстес бидай масағымен айшықталып сақиналанған. Шевронның ортасында көгілдір түсті доғал нысандағы жер шары орналасқан, параллель және меридиан екі шартты ақ түсті сызықпен белдеуленген, ортасында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген

жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түспен орындалады. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған Шевронның төсемі қою көк түсті. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған шевронның төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



шеvron

4) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл қоңыр жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде қызметкердің құрылымдық және аумақтық органдарға тиесілілігіне қарай "ОРТАЛЫҚ АППАРАТЫ", "АПАТТАР МЕДИЦИНАСЫ ОРТАЛЫҒЫ", "Қазселденқорғау" жазбасы болады. Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



жең белгісі

5) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, биіктігі 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңге, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

6) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер пішінде, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі бар. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

7) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен

кестеленеді. Кіші басшы және қатардағы құрамда "Т.А.Ә." деген жазудың орнына қан тобы көрсетіледі. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.

QAZAQSTAN

B.S.KUZBAKOV

A(II) Rh+

тік бұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары

102. Кокарда мен белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жоғары басшы құрамның бейсболкасына арналған кокарда алтын түстес металдандырылған жіп негізінде кестеленген, жұлдыз бен қыран – жібек, лавр бұтақтары – алтындатылған мишурадан жасалған, матаның өңіндегі жіппен көмкерілген;



Матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

9 тарау . Азаматтық қорғау органдары құтқару бөлімшелерінің арнайы нысанды киімі



10 - сурет

103. Азаматтық қорғау органдарының құтқару бөлімшелерінің арнайы нысанды киімі (10-сурет):

1) жазғы № 1 күнделікті:

бейсболка;

ұзын жеңді күрте мен шалбар;

қысқа жеңді күрте мен шалбар;

футболка;

қысқа қонышты бәтеңке;

2) жазғы № 2 арнайы:

бейсболка;

комбинезон;

футболка;

ұзын қонышты бәтеңке;

3) су акваторияларында құтқару жасақтары үшін жазғы № 3 жұмыс:

бейсболка;

поло-футболка;

шорты;

сандали;

4) қысқы күнделікті:

жартылай жүнді құлақшын;

ішкі күртесі бар жылы күрте;

свитер;

қысқа қонышты жылы етік;
жылы қолғап;
5) қысқы арнайы:
жартылай жүнді бөрік;
ішкі күртесі бар жылы күрте;
жылы күрте және шолақ комбенизон;
ұзын қонышты жылы бәтеңке;
свитер.

Суық ауа райында жазғы арнайы киім және жылы ауа райында қысқы арнайы киім кезінде ішкі күрте киюге рұқсат етіледі.

+20°C жоғары ауа температурасында ақ футболканың үстіне қысқа жеңді күрте және бейсболка киеді.

Ұзын жеңді (қысқа жеңді) күрте мен свитерді жылы қысқа қонышты бәтеңкемен және қысқа қонышты етікпен шалбардың балағын шығарып киюге жол беріледі.

104. Ұзын жеңді күрте мен қою көк түсті шалбардың сипаттамасы:

1) ұзын жеңді қою көк түсті күрте, орталық өңір сыдырмасы сыдырма түймелікке ілінеді, белдігі қосып тігілген. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Жапсырма кеуде қалтаның тіктөртбұрышты қақпақшасы бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Бүйірінде жапырақша қалтасы бар. Арқалығында иініші қосып тігілген. Жеңі ұзын, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Түймемен түймеленетін манжеті бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар.

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалтасы бар. Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

105. Қысқа жеңді жейдесінің және шалбардың сипаттамасы:

1) орталық өңірлік ілгегі түймеленетін, белдігі қондырып тігілген, қысқа жеңді жейде. Алдыңғы жағында түймемен түймеленетін пішінді қақпақшалары бар кеуделік жапсырмалы қалталары бар. Қақпақшада алмалы – салмалы жапсырмалар бар. Арқалығында екі иініші бар. Жеңі қысқа, екі тігісті, қондырып тігілген, погоны ендіре тігілген. Жеңнің төменгі жағында тұтас пішілген манжеттері, бастырмалап, әрлеп тігілген тігісі бар. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген. Ендірмесі иілімді матадан қондырып тігілген белдігі бар;

2) белдігі қосып тігілген қою көк түсті шалбар. Алдыңғы жартысында бүйір қалтасы бар. Артқы оң жақ жартысында жиектелген қақпағы бар тілік қалта болады.

Гульфик сыдырма ілгекке бекітіледі. Қондырып тігілген белдігі түймемен ілмекке және металл ілмекке түймеленеді.

106. Ішкі күртесі бар жылы күртенің сипаттамасы:

1) сұлбасы тік күрте, ұзын, екі сыдырмалы орталық өңір сыдырмасы ілгекті. Алдыңғы жағында иініші, кеуде және бүйір қалталары бар. Кеуде қалтасы қиып тігілген жапырақша қалтасы бар қалта, ілгек сыдырмамен сырылады. Бүйір қалталары жапсырмалы. Сол жақ алдыңғы бөлігінде ҚР ТЖМ-нің алмалы - салмалы кеуде белгісі бар. Арқасында иініші қосып тігілген. Беліндегі сызықтың ішкі баутесігіне ұштығы мен бекіткіші бар бау тағылған. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары, ішкі трикотаж манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, ішкі алмалы – салмалы трикотаж омыраулығы мен күлапараны бар. Алмалы – салмалы күлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар.

2) сұлбасы тік ішкі күрте, орталық өңір ілмек сыдырмасы қысқа. Алдыңғы жағында бүйірінен жапырақшалы қиық қалтасы бар. Сол жақ алдыңғы жағында алмалы – салмалы ҚР ТЖМ кеуде белгісі бар. Арқасы тұтас пішілген. Жеңі қондырып тігілген, екі тігісті ендіре тігілген погондары бар. Оң және сол жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік қондырып тігілген.

107. Футболкалардың және поло - футболкалардың сипаттамасы:

1) қысқа жеңді, мойын ойындысы терең ойылған, қою көк түсті, мақта – маталы, трикотаж жаймадан тігілген. Алдыңғы және артқы жағы, қысқа жеңдері бар. Мойын ойындысы екі қабатты иілімді, негізгі матаның түсіндегі трикотаж жаймадан көмкерме әдіппен өңделген;

2) "пике" трикотаж жаймадан қызыл сары түсті қысқа жеңді футболка – поло. Алдыңғы жағында 3 түймелі және 3 ілмекті түймелік өңіржиегі бар. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Артқы жағында ортасының жоғарғы жағында "ТЖМ" жазуы, төменгі жағында "ҚАЗАҚСТАН" жазуы бар. Барлық жазулар жарық шағылыстырғыш матадан "Agial" қарпінде жазылады. "ТЖМ" жазуының көлемі: әріптің биіктігі – 60 мм, ені - 50 мм, қалыңдығы – 12 мм, "ҚАЗАҚСТАН" жазуында әріптің биіктігі – 35 мм, ені - 25 мм, қалыңдығы – 7 мм. Қондырылған қысқа жеңі және қондырылған манжеттері бар. Жағасы қайырылатын және қондырып тігілген.

108. Свитердің сипаттамасы: свитер қою көк түсті мойын ойындысы дөңгелек жартылай тоқыма жүннен тігілген. Алдыңғы және артқы жағы тұтас. Алдыңғы сол жағында ҚР ТЖМ - нің алмалы – салмалы кеуде белгісі болады. Ендіре тігілген поғоны бар қондырып тігілген жең. Оң және сол жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Иық және шынтақ бөлігінде күшейткіш жапсырмасы бар. Мойын ойындысы көмкерілген, екі иілімді белдігі және манжеті бар.

109. Комбенизонның сипаттамасы:

Екі түсті матадан аралас тігілген комбенизон: қою көк - негізгі және қызыл сары - қосымша. Орталық сыдырмасы сыдырма түймелікке ілінеді, желден қорғайтын қақпақшасы бар. Алдыңғы жағында иініші, кеуде жапсырмасы бар. Алдыңғы оң жағындағы иінішінде рация салуға арналған қалтасы бар. Артқы жағы иінішімен. Иінішінің ортасында "ТЖМ" жазуы бар, жарық шағылыстырғыш жолақтың астында "ҚАЗАҚСТАН" жазуы бар. Барлық жазулар жарық шағылыстырғыш матадан "Arial" қарпінде жазылады. "ТЖМ" жазуының көлемі: әріптің биіктігі – 60 мм, ені - 50 мм, қалыңдығы – 12 мм, "ҚАЗАҚСТАН" жазуында әріптің биіктігі – 35 мм, ені - 25 мм, қалыңдығы – 7 мм. Жеңі қондырып тігілген және иілімді жолақты ендіре тігілген манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген. Шалбардың алдыңғы жағында бүйір бөлігінде қиып тігілген қалталары бар. Белбеуінде белдік астында жалпақ белдікұстағышы бар. Шалбардың төменгі жағында балақбауы бар. Жарық шағылыстырғыш жолағы бар: алдыңғы жағында арқасында, жеңінің төменгі жағында бір қатар, шалбарының төменгі жағында екі қатардан, ені 20 мм. Комбенизонның алдыңғы және артқы бөліктері, жеңнің төменгі бөлігі қою көк түсті негізгі матаның түсінде, алдыңғы, артқы жағының иініштері, жеңінің жоғарғы бөлігі, шалбардың балағының төменгі жағындағы ендірмесі қызыл сары түстегі қосымша матадан тігіледі.

110. Жылы күртенің және шолақ комбенизонның сипаттамасы:

1) жылы күртенің орталық сыдырмасы сыдырма түймелікке ілінеді, желден қорғайтын қақпақшасы бар. Алдыңғы жағында иініші, бүйірінен қиылған қалталары, кеуде жапсырмасы бар. Алдыңғы сол жағындағы иінішінде ТЖМ кеуде жапсырмасы бар. Артқы жағы иінішімен. Иінішінің ортасында "ТЖМ" жазуы бар, жарық шағылыстырғыш жолақтың астында "ҚАЗАҚСТАН" жазуы бар. Барлық жазулар жарық шағылыстырғыш матадан "Arial" қарпінде жазылады. "ТЖМ" жазуының көлемі: әріптің биіктігі – 60 мм, ені - 50 мм, қалыңдығы – 12 мм, "ҚАЗАҚСТАН" жазуында әріптің биіктігі – 35 мм, ені - 25 мм, қалыңдығы – 7 мм. Жеңі қондырып тігілген, шынтақ аймағында күшейткіш жапсырмасы бар, иілімді жолақты ендіре тігілген манжеті бар. Сол және оң жақ жеңдерінде алмалы – салмалы жеңдік белгілері бар. Жағасы тік жаға, қондырып тігілген, алмалы – салмалы күлапараны жағаға сыдырма ілгек арқылы сырылады, бет жақ жиегі бекіткіші бар баумен реттеледі, баудың ұшында ұштығы бар. Күлапараның төменгі жағында өтпелі ұштығы бар. Белдігінің бүйір бөліктері иілімді лентадан қондырып тігілген. Алдыңғы, артқы, төменгі бөліктері қою көк түсті негізгі матаның түсінде, алдыңғы, артқы жағының иініштері, жеңінің жоғарғы бөлігі қызыл сары түстегі қосымша матадан тігіледі. Алдыңғы, артқы бөлігінде, жеңінің төменгі жағында ені 20 мм бір қатар жарық шағылыстырғыш жолағы бар.

2) алмалы – салмалы аспабауы және қосып тігілген жалпақ белбеуі бар жартылай комбенизон. Шалбардың алдыңғы жағында бүйір бөлігінде қиып тігілген қалталары

бар. Артқы жартысында бүкпесі бар. Белбеуінде белдік астында жалпақ белдікұстағышы бар. Шалбар түймемен түймеленеді. Алдыңғы және артқы жартысы, белдігі, аспабауы қою көк түстінегізгі мата түсінде, балағының төменгі бөлігі қызыл сары түстегі қосымша матадан тігіледі. Балағының төменгі жағында ені 20 мм екі қатар жарық шағылыстырғыш жолағы бар.

111. Бас киімнің сипаттамасы:

1) дөңгелек формада жартылай жүн тоқыма, екі қайырмасы бар телпек. Жартылай жүн таралған иірімжіптен тоқылған. Қайырманың алдыңғы бөлігінің ортасына кестеленген эмблемасы бар кокарда орналасады;

2) қою көк мақта – матадан тігілген, 6 қиықтан, қалқаншадан, түймеліктен тұратын бейсболка. Қиықтардың жоғарғы бөлігінде желдеткіш тесігі болады. Алдыңғы қабырғаның ортасында кестеленген эмблемасы бар кокарда орналасады.

112. Аяқ киім сипаттамасы:

1) қара түсті ұзын қонышты бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

2) қара түсті ұзын қонышты жылы бәтеңке. Аяқ киімінің ішіне кір, шаң, ылғал кіруін болдырмайтын бітеу және жартылай бітеу қақпақшасы бар, жұмсақ жиекті, табаны бекітуді құйма әдіспен жасалған биік қонышты бәтеңке. Бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, астардан және астар аралық жылы бөлшектен, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, табаннан тұрады.

3) хромды былғарыдан жұмсақ тегіс өнді табиғи теріден жасалған қара түсті қонышсыз бәтеңке. Бүйірлік жасырын резеңкесі немесе бауы бар, тозуға төзімді табаны жұмсақ жиексіз немесе жұмсақ жиекпен жасалған. Қонышсыз бәтеңке жұлықтан, қоныштан, артқы сыртқы бауға өтетін сірісіден, төменгі бөлшектер – негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан, сіріден, ұлтарактың астары және табаннан тұрады.

4) табиғи хромды былғарыдан жасалған қара түсті жылы қонышсыз етік жұлықтан, өкшеден, сіріден, астардан және астар аралық бөлшектен, сонымен қатар төменгі бөлшектер: негізгі ұлтарактан, жартылай ұлтарактан, тұмсықтан және сіріден, өкшеден тұрады.

113. Шорты сипаттамасы:

астары бар, қою көк түсті тізеден төмен ұзындықтағы шорты, белдігі қондырып тігілген, иілімді лентамен және баумен тартылатын. Алдыңғы жартысында бүйір қалталары бар. Төменгі жағында әрленген қатармен бастырмалап тігілген манжеті бар. Астары тор құрылымды матадан тігілген.

114. Жылы қолғаптың сипаттамасы:

Бес саусақты жылы, хромды былғарыдан иленген өң беті табиғи қолғап. Сыртқы беті үш қатармен әрленген. Алақан бөлігі сынамен тартылған, манжеті бір қатар иілімді ызбамен жасалған. Қолғаптың саусаққабы бар, үлкен саусақтың саусаққабынан басқасы сызықпен.

115. Жеңдегі және кеудедегі айырым белгілерінің сипаттамасы:

1) жеңдегі белгілер дегеніміз стандартталған мата тігісті, өзара бейнесімен, мәтіндік жазбамен және түрлі түсті үйлесімімен ажыратылатын шеврондар. Сыртқы киімдердің сыртқы жағына тігіледі;

2) жең басталатын жердегі жоғарғы тігістен 12 см қашықтықта, әскери киімнің сол жақ жеңіне қалқан нысанында тігілетін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне тиесілілігін көрсететін шеврон. Шеврон көлемі ұзындығы – 90 мм, ені – 75 мм. Шевронның ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі. Орталық төсем алтын түстес бидай масағымен айшықталып сақиналанған. Шевронның ортасында көгілдір түсті доғал нысандағы жер шары орналасқан, параллель және меридиан екі шартты ақ түсті сызықпен белдеуленген, ортасында тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шарының астында қалықтаған қыранның бейнесі орналасқан. Жоғарғы бөлігінде – "ҚАЗАҚСТАН", төменгі бөлігінде – "ТЖМ" деген жазу бар. Жазулардың және қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесінің түсі-алтын түстес. Шевронның жиегі қою көк түспен орындалады. Әскери қызметшілердің киім-кешегіне арналған Шевронның төсемі қою көк түсті. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған шевронның төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



шеvron

3) жеңнің жалғасқан жоғарғы тігісінен 12 см қашықтықта диаметрі 75 мм дөңгелек нысанда Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің аумақтық органына тиесілілігін білдіретін жеңдік белгі әскери киімнің оң жақ жеңіне (көйлекті қоспағанда) тігіледі. Жеңдік белгі шеңбер болады, сыртқы шеті қызыл қоңыр түсті жиектікпен тігіледі, шеңбердің ортасында айшықталған жер шары контурының бейнесі

оның үстіне тігінен сегіз сәулелі ақ түсті созылған түрдегі жұлдыз, қызыл сары түсті шеңбердің ортасында төменгі негізімен көгілдір түсті тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан. Жер шары контурының төменгі бөлігінде қалықтаған бүркіттің контуры алтын түстес, жер шарының ішкі контурының кеңістігі көгілдір түсті, бүркіт контурының ішкі кеңістігі қою көк түсті. Қызыл қоңыр жиектің ішкі жағынан жоғарғы бөлікте шеңбердің периметрі бойынша "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" жазбасы, төменгі бөлігінде қызметкердің аумақтық органдарға тиесілілігіне қарай "РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖЕДЕЛ ҚҰТҚАРУ ЖАСАҒЫ", "СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТЖД", "НҰР – СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ТЖД" жазбасы болады. Қалықтаған бүркіт пен тиесілілік бойынша жазба арасында "ТЖМ" аббревиатурасы. Әскери қызметшінің әскери киіміне арналған жеңдік белгінің төсемі негізгі матаның түсімен түстес болады. Жазудың түсі мен қалықтаған қыранның сұлбалық бейнесі жоғары басшы құрам үшін алтын түстес канительмен кестеленеді.



жең белгісі

4) жеңге тағатын жапсырма - Қазақстан Республикасының Туы түрінде ені 75 мм, биіктігі 35 мм тікбұрыштың нысанын білдіреді, сол жақ жеңде, шевроннан жоғары 1 см қашықтықта тігіледі.



жеңдегі жапсырма

5) кеуде жапсырмасы әскери киім-кешектің сол жағына тігіледі, диаметрі 75 мм шеңбер, қою көк фонда, ортасында ТЖ министрлігінің белгісі болады. Министрліктің белгісінде қызыл жолақпен көмкерілген, көгілдір түсті шеңберге салынған жеті бұрышты жұлдыз бар. Шеңбердің жиектемесі бойынша алтын түстес әріптермен жоғарыдан "ҚАЗАҚСТАН", солдан оңға қарай "ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР МИНИСТРЛІГІ" деп жазылған. Ұлттық ою-өрнекпен көмкерілген шеңбердің ішінде "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" деп жазылады. Шеңбердің ортасында – "жел бағыты" мен азаматтық қорғаныстың халықаралық белгісі (

қызыл-сары түстес шеңбер ішіндегі көгілдір үшбұрыш) бар жер шарының айшықты контурының бейнесі. Жер шары контурының астында-қалықтаған қыран контуры, төменірек қызыл әріптермен "ТЖМ" аббревиатурасы. "Жел бағыты" және ою-өрнек, "АР-НАМЫС ПЕН БОРЫШ – ОТАН ҚЫЗМЕТІНЕ!" жазбасының контуры, "ТЖМ" аббревиатурасы, жер шары мен қыран – алтын түстес. Жер шары мен қыран контурларының ішіндегі кеңістік - көк түсті;



кеуде жапсырмасы

б) "QAZAQSTAN" және "Т.А.Ә." деген сөздері бар тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмалары қою көк түсті жайма матадан тігіледі. Жапсырмалардың ені - 3,5 см., ұзындығы - 13 см., тиісінше арнайы нысанды киімнің кеуде бөлігінде оң және сол жағынан тігіледі. Жапсырманың ішкі жиегі қызыл қоңыр түсті. Әріптер (сандар) ақ түсті, биіктігі бойынша өлшемдері 15 мм. Жазулар әріптермен, "Arial" қарпімен кестеленеді. киім-кешекке арналған кеуде жапсырмасының төсемі негізгі мата түсінде болады.

QAZAQSTAN

B.S.KUZBAKOV

A(II) Rh+

тікбұрышты нысандағы кеуде жапсырмасы

116. Кокарданың және белдіктің сипаттамасы:

1) бейсболкаға арналған кокарда жиектеп көмкерілген қою көк түсті матадан жасалады. Кокарданың ортасында тігінен созылған сегіз сәулелі ақ түсті жұлдыз түрінде кестеленген белгі, ортасында қызыл сары түсті шеңберде төменгі негізімен алтын түсті жапырақшалар түріндегі сәулелермен көмкерілген тең қабырғалы үшбұрыш орналасқан.



матадан жасалған / кестеленген кокарда

2) кең қою көк түсті, түймеленетін, екі бекіткіші бар металл бекіткіштерге бекілетін тоқыма белбеу. Белдіктің ені 5,0 см.

Ұзындығы металл бекіткіштермен реттеледі. Белдіктің ұштары түймеге мата бауымен бекітіледі. Белдіктің ұзындығы 1-ден 4-ке дейінгі мөлшерде жасалуы керек:

Өлшемдері-1, 2, 3, 4.

Ұзындығы, см-110, 120, 130, 140.



арнайы нысанға тағылатын белдік

117. Матаның екі түсті: қою көк және қызыл сары түстерінен тұратын сыдырма ілгегі бар сигналдық кеудешенің сипаттамасы. Мойын ойындысы V-үлгісінде, орталық бүйірлік сыдырма ілгегі бар. Алдыңғы бөлігінде қақпақшалары бар жапсырма қалталары бар. Артқы жағының ортасында жоғарыда "ТЖМ" жазуы, төменгі жағында "ҚАЗАҚСТАН" деген жазу бар. Бел сызығында және төменгі жағында айнала жарық шағылыстырғыш жолақтар болады. Барлық жазулар жарық шағылыстырғыш матадан "Agial" қарпінде жазылады. "ТЖМ" жазуының көлемі: әріптің биіктігі – 60 мм, ені - 50 мм, қалыңдығы – 12 мм, "ҚАЗАҚСТАН" жазуында әріптің биіктігі – 35 мм, ені - 25 мм, қалыңдығы – 7 мм. Бел сығында ішкі баутесігі бар. Көлденеңінен айнала ені 20 мм жарық шағылыстырғыш жолақ бар.



Сигнал кеудешесі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК